

«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

«Агробиология» факультеті

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

7M08104 - Өсімдік қорғау және карантин

2024-2026 оқу жылына арналған

АЛМАТЫ 2024

Элективті пәндер каталогы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті оқу-әдістемелік кеңесінің (хаттама №4, 01. 02. 2024ж.) және Ғылыми кеңесінің (хаттама № 9, 01. 03. 2024 ж.) шешімдерімен мақұлданған.

Құрастырғандар: Абдыров А.М., Кусаинова Ж., Ахметкалиева Р., Сыбанбаева М.

Алғы сөз

Элективті пәндер каталогы (ЭПК) Қазақстан Республикасы БҒМ 2018 жылдың 31 қазанында № 604 бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен Білім беру бағдарламасы негізінде 05.05.2020 жылғы № 182 өзгертулер мен толықтыруларымен Қазақ ұлттық аграрлық университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар бөлімімен құрастырылды.

ЭПК білім алушыларға жеке білім траекториясын құру үшін элективті оқу пәндерін баламалы таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларының және ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен жеке оқу жоспарын әзірлейді.

Каталог кестесінде базалық және бейіндеуші пәндер циклдерінің жоғары оқу орны компоненті мен таңдау компоненттері келтіріледі. ЭПК формулярында пәндердің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі атаулары, пәннің қысқаша мазмұны, пәннің пререквизиттері мен постреквизиттері, бағдарлама жетекшілерінің аты-жөні, ғылыми дәрежесі, қызметі, кредит саны мен курсты оқу семестрі көрсетілген.

Білім беру бағдарламасы: «7М08104 - ӨСІМДІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КАРАНТИН»

Берілетін дәреже: «7М08104–Өсімдік қорғау және карантин» білім беру бағдарламасы бойынша ауылшаруашылық ғылымдарының магистрі

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	GTF 7201 -Ғылым тарихы мен философиясы (History and Philosophy of Science)
Пәннің ПОҚ	Заурбекова Л.Р.ф.ғ.к., қауым. профессор
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М08104 - Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	4
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Философия (бакалавриат бағдарламасы)
Пәннің постреквизиті	Қорытынды аттестация
Пәнді оқу мақсаты	Мақсаты – ғылыми танымның тарихи динамикасы негізінде алынған және тарихи өзгеріп жатқан әлеуметтік-мәдени контекстте қарастырылған ғылыми білімді игеру арқылы арнайы қызметтің даму заңдылықтары мен тенденцияларын зерттеу.
Пән мазмұны	«Ғылымның тарихы мен философиясы» курсы магистратураның барлық мамандықтары үшін міндетті. Ол магистранттардың бойында ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастырады. Сараптамалық қабілет пен ізденіс қызметінің дағдыларын дамытып, болашақ ғалымға қажетті теориялық және практикалық білімдер береді. Ғылымға және ғалымдарға қажеттілік күшейіп отырған қазіргі заманда бұл пәнді зерттеу қоғам үшін де, жас ізденуші үшін де аса маңызды. «Ғылымның тарихы мен философиясы» курсы арнайы философиялық талдау пәні болып табылатын ғылым феноменінің мәселелерімен таныстырып, ғылымның тарихы мен теориясы, ғылым дамуының заңдылықтары және ғылымның білімнің құрылымы, ғылымның мамандық және әлеуметтік институт ретіндегі ерекшеліктері, ғылыми ізденіс жүргізу әдістері, ғылымның қоғам дамуындағы рөлі туралы білім қалыптастырады.
Пәннің күзiреттiлiгi	Пәнді меңгергеннен кейін магистрант: - біледі және түсінеді: ғылымның табиғатын, құрылымын, ұйымдастыру және қызмет ету принциптерін; ғылымның генезисі мен тарихын; ғылым тарихы мен философиясының ұғымдық аппаратын, ғылыми пәндердің қалыптасу және даму заңдылықтарын; - қолдана алады: ғылыми-зерттеу қызметі барысында туындайтын міндеттерді тұжырымдау және шешу; зерттеудің қажетті әдістерін тандау; ғылыми зерттеу, педагогикалық жұмысты жүргізуде әдіснамалық және әдістемелік білімді қолдану; - күзретті: өзіндік ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызметті жүргізу; ғылыми мақалалар

	жазу, конференцияларда, симпозиумдарда сөз сөйлеу.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <p>1.Құсайынов, Д.Ө. XX ғасырдың басындағы қазақ философиясы:ерекшеліктері мен нақыштары: оқу құралы / Д.Ө. Құсайынов [ж.б.].- CD-R 52x-700 MB.- Алматы: Book Plus, 2013.- 286 б.: 1электрон.опт.диск (CD-ROM);</p> <p>2.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін/ Д. Джонстон [ж.б.]; ауд. Г.З.Әбдірасылова, Г.Ж.Нұрышева.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018.- 216 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық).</p> <p>3. Мырзалы С.К. Ғылымның тарихы мен философиясы. — Алматы: Бастау, 2014.</p> <p>Қосымша:</p> <p>4.Хасанов М. Ш., Петрова В. Ф. История и философия науки. - Ллксты: Казак университеті. 2013. - 150 с История и философия науки. Под ред. Крянева Ю.В., Моториной Л.Е. - М.: ИНФРА-М, 2011. – 426 с.</p> <p>5.Степин В. С. История и философия науки. - М.: Академический Проект, 2011.- 423 с.</p> <p>6.Latham-Koenig, C. English File: Elementary. Class Audio CDs 1-5 [Текст] / С. Latham-Koenig [и др.].- 3-rd edition.- New York: Oxford University Press, 2012.</p>

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	ShT 7202 -Шет тілі (кәсіби) (Foreign Language (for specific purposes))
Пәннің ПОҚ	Сисенбаева А.С.,п.ғ.к., аға оқытушы
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7M08104 – Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредиттер саны	4
Оқыту түрі	күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Бакалавриат бағдарламасы бойынша шетел тілі (A1, A2, B1)
Пәннің постреквизиттері	Қорытынды аттестация
Пәнді оқу мақсаты	Арнайы мақсаттар үшін шет тілі курсының мақсаты магистранттардың халықаралық қарым-қатынас тілі және ұлттық мәдениеттерді кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында, ғылыми және практикалық жұмыста, шетелдік серіктестермен қарым-қатынаста, өздігінен білім алу және басқа да мақсаттар үшін танудың құралы ретінде шет тілін пайдалануға мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілікті меңгеруі болып табылады. Практикалық мақсатпен қатар курс мамандықтарды игеруде білім беру және тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асырады, студенттердің көкжиегін кеңейтуге, олардың жалпы мәдениеті мен білімін, ойлау мәдениеті мен күнделікті және кәсіби қарым-қатынасты арттыруға, басқа елдер мен халықтардың рухани

	құндылықтарын құрметтеу мен толеранттылыққа тәрбиелеуге ықпал етеді.
Пәннің мазмұны	Практикалық сабақтар, МӨЖ және МӨЖ - магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы, жобалау жұмыстарын орындау
Пәннің құзыреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін магистрант: 1) Әр түрлі функционалды стильдер мен жанрлардағы арнайы мәтіндер мен түпнұсқа әдебиеттерді оқу және талдау сияқты ауызша және жазбаша қарым-қатынастың білім, білік және дағды кешенін меңгергендігін көрсету; 2) күнделікті және кәсіби сипаттағы әңгімеге қатыса білу, 3) сөйлеу этикетінің ережелерін сақтай отырып, монологиялық және диалогтік мәлімдеменің негізгі түрлерін меңгеру; 4) іскерлік жазудың негізгі түрлерін меңгеру
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Пәннің ұзақтығы	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1.Ibrayeva, A.M. English on Soil[Электронный ресурс]: электронный учебник/ А.М. Ibrayeva [и др.]; КазНАУ.- edition 1.- Almaty: KazNAU, 2017.- 2, 04 МБ. 2.Latham-Koenig, C. English File: Beginner. Class Audio CDs 1-4[Текст] / С. Latham-Koenig [и др.]- 3-rd edition.- New York: Oxford University Press, 2015. 3.«New English File. Intermediate». Student’s book. Oxford University Press, 2012. 4.Постельная, А.И. Разговорные темы [Текст]: методические указания / А.И. Постельная – Ухта: Изд-во УГТУ, 2014 5.Агабекян, И. П. Английский язык для ССУЗОВ [Текст]: учеб.пособие / И. П. Агабекян. - М.: ТК Велби, Издательство Проспект, 2015 Қосымша: 6.McMillan Dictionary of Contemporary English. - McMillan, 2010. 7.Murphy Raymond. Essential Grammar in Use. Intermediate. Cambridge University Press. – 2010. 8.British National Corpus: http://www.natcorp.ox.ac.uk 9.Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. Алматы, 2010.

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	ZhMP 7203 - Жоғары мектептің педагогикасы (Tertiary Teaching)
Пәннің ПОҚ	Скабаева Г.Н., п.ғ.к., қауым. профессор
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М08104 – Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Философия (бакалавриат бағдарламасы)
Пәннің постреквизиті	Педагогикалық практика

<p>Пәнді оқу мақсаты</p>	<p>жоғары мектеп оқытушысының кәсіби-педагогикалық мәдениеті негіздерін қалыптастыру, педагогикалық күзiреттiлiктi қалыптастыру, университеттiң оқу процесiнде болашақ оқытушыларды жалпы мәселелермен, жоғары мектеп педагогикасының әдiснамалық және теориялық негiздерiмен, заманауи талдау технологияларымен, оқыту мен тәрбиелеудi жоспарлау мен ұйымдастырумен, оқытушы мен бiлiм алушының пәндiк өзара әрекеттесуiнiң коммуникативтi технологияларымен таныстыру.</p>
<p>Пән мазмұны</p>	<p>Жоғары бiлiм беудiң қазiргi заманғы парадигмасы. Қазақстандағы жоғары кәсiби бiлiм беру жүйесi. Педагогика ғылымының әдiснамасы. Педагогикалық зерттеудiң әдiснамалық аппараты. Жоғары мектеп оқытушысының кәсiби және коммуникативтi күзiреттiлiгi. Жоғары мектептегi бiлiм беру теориясы (дидактика). Жоғары мектептегi қозғаушы куштерi мен қағидалары. Жоғары бiлiм берудiң мазмұны. Жоғары мектепте кредиттiк оқыту жүйесi негiзiнде оқыту процесiн ұйымдастыру. Болашақ мамандарды даярлауда оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлi және белсендi әдiстерi мен формалары. Жоғары мектептегi жаңа бiлiм беру технологиялары. Кредиттiк технология жағдайында студенттердiң өзiндiк жұмысын ұйымдастыру. ЖОО-дағы эдвайзердiң, тьютордың және офис-тiркеушiнiң қызметi. Жоғары мектептiң ғылыми iс-әрекетiнiң теориясы. СҒЗЖ. Жоғары мектеп маман тұлғасын қалыптастыру және тәрбиелеудегi әлеуметтiк институты ретiнде. ЖОО-дағы тәрбие жұмысының мәнi мен негiзгi бағыттары. Жоғары бiлiм беру жүйесiндегi Куратор. Оқу-әдiстемелiк материалдарды құрастыру технологиясы. Жоғары бiлiм берудегi менеджмент.</p>
<p>Пәннiң күзiреттiлiгi</p>	<p>Пәндi меңгергеннен кейiн магистрант: Бiлуi керек: қазiргi жоғары бiлiм берудiң және педагогикалық ғылымның өзектi мәселелерiн; ЖОО оқытушысының педагогикалық iс-әрекеттiң мәнiн; Искерлiктерiн меңгеру: педагогикалық теориялардың заңдылықтарына сүйене отырып, педагогикалық фактiлердi, құбылыстарды, оқиғаларды және оларды педагогикалық ғылым тiлiнде сипаттауды, педагогикалық болмысты түсiндiрудi, болжауды және жетiлдiрудi; оқыту мен тәрбиелеудiң жаңа тұжырымдамаларына негiзделе отырып, оқу-тәрбие процесiн құрастыруды, бiлiм берудiң ТЛА-стратегиясын, оқытудың кредиттiк жүйесiн меңгерудi; оқыту мен тәрбиелеу процесiнде шығармашылық-дамытушы орта құруды; студенттердi оқыту мен өзiн-өзi дамытуды ынталандыруды; педагогикалық бiлiм беру; Блум таксономиясына сәйкес күзiреттiлiктi бағалау. Меңгеруi керек: оқытудың тиiмдi ЖОО технологияларын қолдануын; студенттердiң iс-әрекетiн ұйымдастыру және басқаруын. Құзыреттi болуы тиiс: жоғары педагогикалық бiлiм беру</p>

	мәселелерін шешу және оның одан әрі даму перспективасына; оқытудың тиімді ЖОО технологияларын қолдану мәселелеріне; педагогикалық коммуникативтік қарым-қатынастың негізгі түрлеріне; өзекті психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешу, қол жеткізілген нәтижелерді бағалау; студенттердің қызметін ұйымдастыру және басқаруына.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жаксылыкова Н.Е., Тленбаева А.А., Скабаева Г.Н. Педагогика. Учебное пособие., Алматы, 2018. 2. Zhaxylykova N.Y., Skabayeva G.N., Tlenbayeva A.A. Pedagogy. Textbook, Almaty, 2020. 3. Zhaxylykova, N. Educational-methodological complex of the discipline (EMCS) for a master "Pedagogy" [Текст]: for undergraduates of all specialties; KazNAU.- Almaty: Aytumar, 2018. 4. Жаксылыкова Н.Е. Учебно-методический комплекс дисциплины (УМКД) «Педагогика высшей школы» для магистранта. Для образовательной программы магистратуры, Алматы, 2020 г. 5. Zhaxylykova N.Y. Educational-methodical complex of discipline «PEDAGOGY OF HIGHER SCHOOL» for master students. For graduate education program of the master course, Almaty 2020. 6. Жаксылыкова Н.Е. Лекционный комплекс по дисциплине «ПЕДАГОГИКА ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ» для образовательной программы магистратуры, Алматы, 2020г. 7. Zhaxylykova N.Y. Lecture complex in the discipline «PEDAGOGY OF HIGHER SCHOOL». For graduate education program of the master course, Almaty 2020 г. <p>Қосымша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 8. Шалгынбаева, К.К. Жоғары мектеп педагогикасы [Электрондық ресурс]: электрондық оқулық / К.К. Шалгынбаева, Н. Албытова, Т.С. Сламбекова; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; Респ. жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана. - Алматы: РМЭБ, 2016. 9. Жаксылыкова, Н.Е. Учебно-методический комплекс для PhD докторанта по дисциплине "Педагогическая деятельность преподавателя высшей школы" [Текст]: для PhD докторантов всех спец. / Н.Е. Жаксылыкова.- Алматы: Айтұмар, 2015.- 104 с.

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	BP 7204 - Басқару психологиясы (Managerial Psychology)
Пәннің ПОҚ	Кенбаева Г.К., п.ғ.к., қауым. профессор
Пән циклі	БП/ЖК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7M08104 – Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	4

Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр	2
Пәннің пререквизиттері	Жоғары мектептің педагогикасы
Пәннің постреквизиті	Конфликтология
Пәнді оқу мақсаты	Магистранттардың басқару іс-әрекетінің психологиялық заңдылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, басқару қатынастарының психологиялық жағының көріну ерекшеліктерімен танысу; басқарушылық қызметтің психологиялық заңдылықтары туралы жүйелік идеялардың қалыптасуына ықпал ету, басқару тиімділігінің төмендеуінің негізіндегі психологиялық себептерді талдау дағдыларын игеру; магистранттарды басқару қатынастарының психологиялық жағының көрініс ерекшеліктерімен таныстыру.
Пән мазмұны	Басқару психологиясы ғылым ретінде. Тұлға басқару объектісі ретінде. Еңбек мотивациясы. Басшы басқару субъектісі ретінде. Ұйымдастыру және шағын топ басқару объектілері ретінде. Басшының коммуникативтік құзыреттілігі. Басқарушылық қызметтегі перцептивті және мнемоникалық процестер. Басқарушылық қызметтегі ойлау процестері. Басқарушылық қызметтегі эмоционалды-еріктік күйлер. Басқару шешімдерін қабылдау психологиясы. Іскерлік келіссөздер. Басшының имиджі. Кәсіби қызметтегі Стресс.
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін магистрант:</p> <p>-біледі: басқару процесінің психологиялық құрамдас бөлігі; Кәсіби қызметтегі басқару процесінің әдістері, заңдары және негізгі элементтері; басқарушылық қызметтің психологиялық ерекшелігі, басқарушылық қызметтің тиімділігіне әсер ететін басшылар мен бағыныштылардың жеке сипаттамалары; іскерлік қарым-қатынастың нысандары мен заңдылықтары және оны оңтайландыру бойынша ұсыныстар;</p> <p>-түсінеді: басқару субъектілері ретінде топ пен ұйым психологиясының ерекшеліктерін түсіну; тұлғаның психологиялық сипаттамасын талдау; өзінің психикалық жағдайын түсіндіру; жеке тұлғаны психологиялық талдау нәтижелерін басқару тиімділігін арттыру мүддесінде пайдалану; адамдарды басқару қабілеті, күрделі іскерлік жағдайларды талдай білу;</p> <p>-қолдана алады: басқару процесінде мінез-құлық пен өзара түсіністіктің өзін-өзі реттеу әдістері; басқару техникасы мен әдістері, тыңдау, әңгімелесу, келіссөздер, сенімдер дағдылары; басқару тиімділігінің төмендеуіне негізделген психологиялық себептерді талдау дағдылары; басқарушылық әсердің тиімді әдістерін игеру</p> <p>-құзыретті: өзінің кәсіби қабілеттерінің деңгейін бағалау әдістері мәселелерінде; негізгі психикалық функциялардың өзін-өзі реттеу мәселелерінде; басқарушылық қызметтің әртүрлі жағдайларында алынған психологиялық білімді практикада пайдалануда; басқару саласындағы психологиялық құбылыстарды зерделеу мәселелерінде.</p>

Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі</p> <p>1. Абдиғапбарова А.И. психологиясы [Электрондық ресурс]: Электронды оқу құралы / А.И. Абдиғапбарова [ж.б.]; Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті.- CD-139 Мб.- Алматы: ҚазҰАУ, 2013 ж.- 222 б.: 139 Мб.</p> <p>2. Умбиталиев, А.Д. Басқару психологиясы [Электрондық ресурс]: оқу құралы / А.Д. Умбиталиев [и др.]- Алматы: Экономика, 2017.- 464 б.: 652 Мб.</p> <p>3. Қабақова Әмірова Б.Ә., Н.Ферхат, А.Е.Ахметова, М.М.Нұртаева, М.П. т.б. Тәжірибелік психология [Электрондық ресурс]: оқу-әдістемелік құрал / Қабақова Әмірова Б.Ә., Н.Ферхат, А.Е.Ахметова, М.М.Нұртаева, М.П. т.б. [ж.б.]- Қарағанды: АҚНҰР, 2017.- 100 б.: 188 Мб.</p> <p>4. Беляев, Ю.М. Инновационный менеджмент [Текст]: учебник / Ю.М. Беляев.- М.: Дашков и К*, 2014.- 220 с.</p> <p>Қосымша</p> <p>5. Ахтаева, Н.С. Басқару психологиясы [Мәтін]: оқу құралы / Н.С. Ахтаева, А.І. Әбдіғапбарова, З.Н. Бекбаева.- Алматы: Бастау, 2009.- 250 б.</p> <p>6. Авдулова, Т.П. Психология менеджмента [Текст]: Учебное пособие / Т.П. Авдулова.- Москва: Академия, 2003.- 251с.</p> <p>7. Кусаинова, Н.М. Психология и этика делового общения [Текст]: учеб.-метод. комплекс / Н.М. Кусаинова.- Алматы: Эпиграф 2016.- 240 с.</p>

Пәннің коды мен атауы (Қазақша, ағылшынша)	ТЕ 7206 - Техникалық энтомология (Technical entomology)
Пәннің ПОҚ	Таранов Б.Т., б.ғ.к., қауым. профессор
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М08104 – Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит	5
Оқыту формасы	Күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Өсімдікті химиялық қорғау, Жалпы энтомология
Пәннің постреквизиттері	Өсімдіктерді зиянды организмдерден қорғаудың интегралды жүйесі
Пәнді оқу мақсаты	«Техникалық энтомология» пәнін меңгерудің мақсаты магистранттарды ауылшаруашылық өндірісінде өсімдіктерді зиянкестерден, аурулардан және арамшөптерден биологиялық қорғау мүдделері үшін техникалық энтомология негіздерімен және жәндіктер мәдениетін құру, күтіп-баптау және жетілдіру әдістерімен таныстыру болып табылады.
Пән мазмұны	Техникалық энтомология бөжектерді өсірудің негізгі бағдарламаларының сипаттамасын және шикізат пен азық-түлік өндіретін бөжектерді, өсімдік

	тозаңдандырғыштарын, биотехнологияда бөжектерді пайдалануды зерттейді. Энтомофагтар мен олардың құрбандарын, фитофагты, гематофагты өсіру. Ауруларды диагностикалау әдістері, техноценозға биоматериалды енгізу және бастапқы популяцияны құру. Мазмұнның негізгі параметрлері бойынша өсіруді оңтайландыру. Дақылға тұрақты тұқым қуалайтын қасиеттер беру.
Пәннің күзіреттілігі	Пәннің меңгергеннен кейін бакалавр: -біледі: ауылшаруашылық ландшафтының энтомофаунасының қалыптасу және кеңістікте таралу заңдылықтарын; -түсінеді: өсімдіктерді қорғаудың экологиялық таза жүйелерін жасау әдістемесін, жәндіктерді жасанды өсіру технологияларын қолданудың мақсаты мен болашағы туралы түсініктерін; -қолдана алады: ұсынымдар мен экологиялық проблемаларға икемді жауап беруді, сонымен бірге экологиялық проблемаларды өздері шешу, ғылыми негізделген шешімдерді; -күзіретті: зертханалық жәндіктер дақылдарын құрудың, сақтаудың және жетілдірудің принциптері мен технологиялық бірзділігін, жәндіктер мәдениетіне қоршаған орта факторларының және антропогендік әсердің әсерін бағалауда
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1.Замотайлов А.С., Белый А.И., Бедловская И.В. Техническая энтомология: учеб. пособие. – Краснодар: КубГАУ, 2018. – 91 с. Қосымша: 1. Морева Л.Я. Трофические связи медоносных растений и пчёл в условиях Северо-Западного Кавказа. – Краснодар, 2005. – 288 с.

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	KZOFM 7207 – Қауіпті зиянды организмдердің фитосанитарлық мониторингі (Phytosanitary monitoring of dangerous pests)
Пәннің ПОҚ	Каирова Г. Н., а.-ш.ғ.к., қауым. профессор
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7M08104 -Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Өсімдікті химиялық қорғау, Жалпы энтомология
Пәннің постреквизиті	Бактериология, Эксперименталды нематология
Пәнді оқу мақсаты	Ауылшаруашылық дақылдарының зиянкестерінің санын болжау туралы білімді қалыптастыру және оларды фитосанитарлық бақылаудың әр түрлі әдістеріне үйрету.
Пән мазмұны	Болжау мен хабарлауды дайындауда теориялық негіздері, өсімтердегі зиянды организмдердің фитосанитарлық

	мониторингінің әдістері; ауылшаруашылық дақылдарындағы зиянкестер мен аурулардан өсімдіктерді қорғаудағы болжау; егістердегі арам шөптерді есепке алу тәсілдері және оларға болжау беру.
Пәннің күзiреттiлiгi	Пәнді меңгергеннен кейін магистрант: ауылшаруашылық дақылдарда кездесетін зиянкестерге фитосанитарлық мониторинг жүргізуді; ауылшаруашылық дақылдардағы ауруларға фитосанитарлық мониторинг жүргізуді; ауылшаруашылық дақылдарда кездесетін арам шөптерге фитосанитарлық мониторинг жүргізуді; мәдени өсімдіктердегі қауіпті зиянкестердің экономикалық зиянды шектерін түсінеді. Көп көректі зиянкестерді есептеуді; ауылшаруашылық дақылдарда кездесетін қауіпті зиянкестерді есептеуді; мәдени өсімдіктердегі ауруларды есептеуді; ауылшаруашылық дақылдарда кездесетін арам шөптерді есептеуді жүргізе алады. қауіпті зиянды организмдердің фитосанитарлық мониторингін жүргізуге күзретті болуы керек.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі 1. А. Сағитов А.О. және басқ. Аса қауіпті және зиянды организмдердің (зиянкестер, аурулар, арамшөптер) фитосанитарлық мониторингі. Алматы, «Айтұмар» баспасы, 2015. – 354 б. 2. Методические указания по учету и выявлению вредных и особо опасных вредных организмов сельскохозяйственных угодий. Под редакцией Сулейменовой З.Ш. Астана, 2009, 312с. 3. Мусынов К.М., Агибаев А.Ж., Сулейменова З.Ш., Бекенова Ш.Ш. Основы фитосанитар-ного мониторинга вредителей сельскохозяйственных культур. Астана, Из-во КазАУ им. Сейфуллина, 2018.-260стр. Қосымша 6. Поляков И.Я., Левитин М.М., Танский В.И. Фитосанитарная диагностика в интегрированной защите растений. М., «Колос», 1995. - 209с. 7. Теория, методы и технология автоматизации фитосанитарной диагностики. (сборник научных трудов ВИЗР). Санкт-Петербург, 1993. 8. Фитосанитарная диагностика Под ред. Ченкина А.Ф. 1994, М., «Колос». - 322с.

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	KZKIA 7208 - Көпкөректі зиянкестермен күресудің инновациялық әдістері (Innovative methods for controlling polyphagous pests)
Пәннің ПОҚ	Искендинова Р.А, а.-ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7M08104 -Өсімдік қорғау және карантин

Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Өсімдікті химиялық қорғау, Жалпы энтомология
Пәннің постреквизиті	Өсімдіктерді зиянды организмдерден қорғаудың интегралды жүйесі, Эксперименталды нематология
Пәнді оқу мақсаты	Магистранттар арасында ауылшаруашылық дақылдары мен негізгі полифагиялық зиянкестерден қорғайтын инновациялық және заманауи қорғау шаралары туралы білімдердің тұтас жүйесін қалыптастыру
Пән мазмұны	Дәнді дақылдар мен жерді негізгі полифагалық зиянкестерден қорғаудың инновациялық және заманауи шараларын теориялық және практикалық негіздеу. Дәнді дақылдардағы полифагиялық зиянкестердің ошақтарын тарату және анықтау үшін ІТ технологиясын (дронды) қолдану.
Пәннің күзіреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін магистрант: ауылшаруашылық дақылдарын өсірудің және зиянкестерден қорғаудың жаңа технологияларындағы инновациялық процестердің, операциялардың және тәсілдердің схемаларын құру әдістерін түсінеді . мәдени өсімдіктерді зиянкестерден қорғау шараларын жүргізген кезде тәжірибелік жұмыстарда, «полифагты зиянкестермен күрестің инновациялық әдістері» курсына алған білімдерін жүргізе алады . теориялық және практикалық мәселелерді шешу үшін негізгі ғылыми-теориялық білімді қолдану қабілетінде; далалық және зертханалық жағдайларда биологиялық объектілермен жұмыс істеудің қазіргі әдістері туралы күзретті болуы керек .
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі 1. Мозолевская Е.Г. Лесная энтомология: Учебник для ВУЗов.– М.:Академия, 2011. 414 с 2. Мозолевская Е.Г и др. Практикум по лесной энтомологии. - М.: Экология, изд. 3-е, 2004 - 265 с. 3. Воронцов А.И и др. Технология защиты леса. - М.: Экология, 1991. - 306 С. 11. Jang I. P., Steling K., Kanus H. Effect of fungicide on grain yield of barleygrow in different cropping systems// I. Agron. and Crop. Sci. 2000. -V.185, №3.- P.153-162. Қосымша 4. Mugnier J., Chazalet M., Gailliard J.M. a.a. Control of seed, soil-born and foliar applications. Brighton Crop Protection Conference// Pest and Diseases. -1994.-№1. P. 325 -330. 5. Справочник по защите растений. Под ред. Сагитова А.О., Исмухамбетова Ж.Д., ТОО: Ронд, 2004. – 320 с. 19

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	AZhSA 7206 – Ауылшаруашылықтағы статистикалық әдістер (Statistical methods in agriculture)
Пәннің ПОҚ	Дутбаев Е.Б., а.ш.ғ.к., қауым. профессор

Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М08104 – Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Өсімдікті химиялық қорғау, Жалпы энтомология
Пәннің постреквизиті	Арамшөп туралы қолданбалы ғылым, Трансгенді дақылдар және пестицидтер
Пәнді оқу мақсаты	Магистранттар арасында ықтималдық теориясы, аграрлық ғылымда қолданылатын статистикалық әдістер, ғылыми мақала жазу құрылымы, нәтижелерін сипаттау және зерттеу нәтижелерін жариялау туралы білімдердің тұтас жүйесін қалыптастыру
Пән мазмұны	<p>Ықтималдықтар теориясы, аграрлық ғылымда қолданылатын статистикалық әдістер, магистранттар мен докторанттар арасында нәтижелерді сипаттайтын және зерттеу нәтижелерін сипаттайтын ғылыми мақала жазу құрылымы туралы білімдердің ажырамас жүйесін қалыптастыру.</p> <p>Оларға ғылыми-зерттеу қызметі және оның нәтижесі туралы ғылыми мақала түрінде жалпы түсінік беру. Мақаланың құрылымын және сөйлеудің ғылыми стилін қарастыру, ғылыми мәселені қою, әдебиетті іздеу және талдау, зерттеу гипотезасын тұжырымдау мәселесін зерттеу.</p> <p>Ықтималдық теориясының негіздерін, гипотезаларды тексерудің негізгі принциптерін, сондай-ақ зерттеудің негізгі түрлерін зерттеу. Зерттеу әдістерін сипаттау құрылымын зерттеу. Зерттеулердің әрбір түрі үшін статистикалық өңдеудің негізгі әдістерін, алынған нәтижелерді сипаттау, ғылыми мақалаларды жариялау және конференцияларда сөз сөйлеу мәселесін қарастыру.</p>
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді меңгергеннен кейін магистрант:</p> <p>Білуге тиіс: ықтималдық теориясының негіздері, зерттеудің әр түрі үшін ауыл шаруашылығы ғылымында қолданылатын деректерді статистикалық өңдеу әдістері, ғылыми мақала жазу құрылымы, сөйлеудің ғылыми стилі, гипотеза әрекетін тексерудің негізгі принциптері және оның нәтижесі ғылыми мақала түрінде.</p> <p>Мақаланың құрылымын және сөйлеудің ғылыми стилін қарастырыңыз, ғылыми мәселені қою, әдебиетті іздеу және талдау, зерттеу гипотезасын тұжырымдау мәселесін зерттеу.</p> <p>Істей білу: «Ауылшаруашылық дақылдарында аурудың дамуын модельдеу» курсы оқып үйрену кезінде алған білімдерін, эксперименттік зерттеулерде, мәдени өсімдіктерді қорғау шараларын жүргізу кезінде практикалық жұмыстарда қолдану.</p> <p>Құзыретті болу: теориялық және практикалық мәселелерді шешу үшін негізгі ғылыми және теориялық білімдерді қолдана білу; жаңа модельдер, теориялар мен зерттеу әдістерін игеру;</p>

	жаңа әдістемелік тәсілдерді әзірлеуге және зерттелетін проблема бойынша ғылыми әдебиеттердегі деректерді іздеуге және талдауға, аналитикалық шолуды дайындауға қатысу.
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Barr, Christopher, David M. Diez, and Cetinkaya Rundel. "OpenIntro statistics." (2016). 2. Kaya, E., Agca, M., Adiguzel, F., & Cetin, M. (2019). Spatial data analysis with R programming for environment. <i>Human and ecological risk assessment: An International Journal</i>, 25(6), 1521-1530. 3. Xie, Y., Allaire, J. J., & Grolemund, G. (2018). <i>R markdown: The definitive guide</i>. CRC Press. 4. https://cyberleninka.ru/article/n/statisticheskie-metody-analiza-riskov-v-selskom-hozyaystve <p>Қосымша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 5. Komperda, Regis. "Likert-type survey data analysis with R and RStudio." <i>Computer-Aided Data Analysis in Chemical Education Research (CADACER): Advances and Avenues</i>. American Chemical Society, 2017. 91-116. 6. Savel'ev, V. "Statistika i kotiki (Statistics and kitties)." <i>Moscow: AST Publ</i> (2017). 7. Еремеева, гр, and Е.В.Мальцева. "преподавание математической статистики на английском языке в казанском федеральном университете." <i>Иностранные языки в современном мире</i>. 2019. 8. https://www.twirpx.com/file/1570360/

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	ОРАОК 7207– Өсімдік патологиясындағы әдістер мен озық қағидалар (Advanced principles and methods in plant pathology)
Пәннің ПОҚ	Каирова Г. Н., а.ш.ғ.к, қауым. профессор
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М08104 -Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Өсімдікті химиялық қорғау, Жалпы энтомология
Пәннің постреквизиті	Арамшөп туралы қолданбалы ғылым, Ауыл шаруашылығындағы су химиясы мен микробиологиясы
Пәнді оқу мақсаты	Магистранттарды дала дақылдарының негізгі ауруларымен, олардың биологиялық ерекшеліктерімен, өсімдік иесімен байланысын, олардың даму және таралу себептерімен таныстыру
Пән мазмұны	Дәнді дақылдар, күріш және тары дақылдарының қоздырғыштарының патологиялық ерекшеліктері. Көп жылдық бұршақ тұқымдас дақылдар ауруының патологиялық ерекшеліктері. Мақта, темекі, картоп ауруының патологиялық ерекшеліктері. Өсімдік

	патологиясында жетілдірілген принциптер мен әдістерді қолдану
Пәннің құзіреттілігі	<p>Пәнді игергеннен кейін магистрант:</p> <p>Білу керек: дәнді дақылдардың дақ, тат аурулары және қоздырғыштардың биологиялық ерекшеліктерін. Дәнді дақылдардың басқа саңырауқұлақ аурулары, сонымен қатар бактериялық және вирустық ауруларды зерттеу. Жүгері ауруы қоздырғыштарының биологиялық сипаттамасын. Бұршақ тұқымдас дақылдар мен көп жылдық бұршақ дақылдарының қоздырғыштарының биологиялық сипаттамасын. Техникалық дақылдардың (картоп, қызылша, күнбағыс, мақта, темекі) қоздырғыштарының маңызды белгілері мен биологиялық сипаттамаларын.</p> <p>-теориялық білім мен тәжірибе негізінде ауылшаруашылық дақылдарын ауру қоздырғыштарынан қорғау кезінде аурулардың зияндылық деңгейін анықтау қажет. Қоздырғыштардың негізгі топтарының даму ерекшеліктерін зерттеу үшін санақ жүргізуді, фунгицидтер, энтомофагтар мен гербицидтерді қолдану әдістерін меңгеру керек.</p> <p>Құзыретті болу: практикалық сабақтарда тапсырмалар қою, оларға дайындық кезінде қосымша әдебиеттерді пайдалану, зертханалық дағдыларды меңгеру, қорытынды жасай білу</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Левитин М.М. Сельскохозяйственная фитопатология. Учебное пособие для академического бакалавриата. Изд-во Юрайт, 2015 г. 2. Корсакова И.В., Белошапкина О.О. Фитопатология. ИНФА-М, 2014 г. 3. Список пестицидов (ядохимикатов), разрешенных к применению на территории Казахстана на 2013-2022 годы. 4. Защита растений от болезней: учебник/В.А.Шкаликов, О. О. Белошапкина, Д.Д.Букреев и др.; ред. В.А.- М.: Колосс, 2010.-404 с.: ил.- (Учебники и учеб. пособия для студентов высш. учеб. заведений). 5. Ганиев М.М., Недорезков В.Д., Шарипов Х.Г. Вредители и болезни зерна и зернопродуктов при хранении. - М.: Колос С, 2010. - 208 с. <p>Қосымша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 6. Пересыпкин В.Ф. Сельскохозяйственная фитопатология. – М.: Агропромиздат, 1989. 7. Практикум по сельскохозяйственной фитопатологии. Учебное пособие. /Под.ред. К.В.Попковой/. –М.: Агропромиздат, 1988. 8. Справочник по защите растений. Алматы, 2004. 9. Хохряков М.К. и др. Определитель болезней сельскохозяйственных культур. – М.: Колос, 1984. 10. Защита зерновых культур от вредителей, болезней и сорняков /под ред. Т.Н. Нурмуратова/ Алма-Ата, 1986.

	11. Койшыбаев М. Болезни зерновых культур. Алма - Ата: Бастау, 2002.
--	--

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	OShOTB 7208 – Өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасын токсикологиялық бақылау (Toxicological control of crop production quality)
Пәннің ПОҚ	Ахатова З.С, х.ғ.к, қауымдастырылған профессор
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7M08104 -Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр	1
Пәннің пререквизиттері	Өсімдікті химиялық қорғау, Жалпы энтомология
Пәннің постреквизиті	Трансгенді дақылдар және пестицидтер, Ауыл шаруашылығындағы су химиясы мен микробиологиясы
Пәнді оқу мақсаты	Магистранттарды улы заттардың физикалық-химиялық қасиеттерінің және қоршаған орта факторларының олардың өсімдіктер организмнен шығарылу жылдамдығы мен сипатына әсерімен таныстыру. Биологиялық объектілерден улы заттарды шығару тиімділігін анықтайтын факторлар. Экстракцияның оңтайлы шарттарын таңдау
Пән мазмұны	Химиялық-токсикологиялық анализді қолданудың негізгі бағыттары. Токсикологиялық химияның пайда болу және даму кезеңдері. Зерттеу нысандары. Шетелдік қосылыстардың биотрансформациясының негізгі жолдары. Улы заттардың физикалық-химиялық қасиеттерінің және қоршаған орта факторларының олардың организмнен шығарылу жылдамдығына және сипатына әсері
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді игергеннен кейін магистрант: Білу керек: жинау және таксономиялық зерттеулерді білу; химиялық-токсикологиялық талдауды қолданудың негізгі бағыттары - химиялық және токсикологиялық анализді қолданудың негізгі бағыттарын меңгеру керек. Құзыретті болу: өсімдік шаруашылығына сараптама жүргізу кезінде қолданылатын заттарды талдаудың заманауи әдістерін меңгеруі керек
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1.Ахатова З.С. Химия и микробиология воды. Алматы. 2013г 2. Маденова П.С., Ахатова З.С. Аналитическая химия. Учебное пособие. Алматы 2012г. Қосымша: 3.Жуленко В.Н., Рабинович М.И., Таланов Г.А. Ветеринарная токсикология. –М.:Колос, 2004.-383с. 4.Луис Дж. Линг, Ричард Ф. Кларк и др. Филадельфия. Секреты токсикологии. Перевод с англ.под общей ред.акад.РАМН Е.А.Лужникова. М.-С-П. 2006г. 5. С.А.Куцунко. основы токсикологии. С.-П. 2002г.

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	KSZhB 7309 - Кәсіпкерлік саласындағы жобаларды басқару (Project management in the field of entrepreneurship)
Пәннің ПОҚ	Э.ғ.к. аға оқытушы Курбанбаева А.А.
Пән циклі	КП/ЖК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М08104 – Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	7
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр	2
Пәннің пререквизиттері	Экономикалық талдау және статистика (бакалавриат)
Пәннің постреквизиті	Магистерлік диссертацияны жазу
Пәнді оқу мақсаты	Осы курстың мақсаты магистранттарда өзгерістерді және даму процестерін басқаруға қатысты шешімдерді құру, қабылдау және бағалау үшін кәсіпкерлік қызметте жобаларды басқарудың әдіснама негіздерін, әдістері мен тәсілдерін құру және пайдалану білімі мен іскерлігін қалыптастыру болып табылады. Алынған білім оларға жобаларды басқару мәселелерінде кәсіпорындарға көмек көрсетуге көмектеседі.
Пән мазмұны	Жобаларды және бағдарламаларды басқарудың негізгі әдіснамаларымен, әдістерімен және тәсілдерімен, инвестициялау және жобаларды дайындау әдістерімен танысу, инвестициялық мүмкіндіктерді талдау және ұйымды басқарудың жобалық-бағдарланған нысанына көшіру, басқару шешімдерін қабылдауды компьютерлік қолдау әдістері мен жүйелері, уақытты басқару әдістері, жобалардың құны, жобаларды бағалау, олардың сапасы мен тәуекелдері, адами ресурстар және сатып алулар;
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін магистрант: -Біледі: жобаны басқарудың заманауи әдіснамасын; басқару объектісі ретінде жобалардың, бағдарламалардың анықтамалары мен түсініктерін; басқару субъектілері және олар пайдаланатын құралдар туралы анықтамалар мен түсініктерді; жобаның әртүрлі функционалдық салаларын басқару процестері мен құралдарын; жобаларды басқаруда қолданылатын қазіргі заманғы бағдарламалық құралдар мен ақпараттық технологияларды; жобаларды басқарудың даму тарихы мен үрдістерін; жобаны басқарудың негізгі құралдарын.; -Қолдана алады: жобаның стейкхолдерлерінің мақсаттары мен мүдделерін талдау; жобаның мақсатын, пәндік саласын және құрылымын анықтау; жобаны жүзеге асырудың күнтізбелік жоспарын есептеу; жобаның жиынтық жоспарының негізгі бөлімдерін қалыптастыру; жобаның тәуекелдерін талдау; жобаны басқарудың негізгі міндеттерін шешу үшін бағдарламалық құралдарды таңдауды жүзеге асыру. -Құзыретті:- жобалардағы командалық жұмыс дағдылары; кәсіпкерліктегі күрделі емес жобаларды өз бетінше басқару техникасы; жобаларды басқарудың барлық

	функционалдық салаларындағы күрделі жобаларды басқарушыға көмектесуге қабілетті болу; күрделі жобаларға команда жұмысына тиімді қатысуға қабілетті болу
Қорытынды бақылау нысаны	емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. A Guide to the Project Management Body of Knowledge (PMBOK® Guide) 6th ed-2017 2. Поташева, Г.А. Управление проектами (проектный менеджмент): учеб. пособие / Г.А. Поташева.- М.: ИНФРА-М, 2020.- 224 с.- (Высшее образование. Бакалавриат). 3. Антонов, Г.Д. Управление проектами организации [Текст]: учебник / Г.Д. Антонов, О.П. Иванова, В.М. Тумин.- М.: ИНФРА-М, 2019.- 244 с. <p>Қосымша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 4. Балашов, А.И. Управление проектами: Учебник и практикум для СПО / А.И. Балашов, Е.М. Рогова, М.В. Тихонова и др. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 383 с. 5. Bakirbekova, A.M. Managing innovative projects [Текст]: textbook / A.M. Bakirbekova, B.M. Pazykhaiyr; L.N.Gumilyov Eurasian National Un-ty.- Almaty: Lantar Trade, 2018.- 145 p. 6. Тихомирова, О.Г.Управление проектами. Практикум [Текст]: учеб. пособие / О.Г. Тихомирова.- М.: ИНФРА-М, 2019.- 273 с.

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	ОККГЗА 7310 – Өсімдіктерді қорғау және карантиндегі ғылыми зерттеулер әдістемесі (Research methodology in plant protection and quarantine)
Пәннің ПОҚ	Дутбаев Е.Б., PhD, қауымдастырылған профессор
Пән циклі	КП/ЖК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М08104-Өсімдік қорғау және карантин
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр	2
Пәннің пререквизиттері	Өсімдіктерді химиялық қорғау
Пәннің постреквизиті	МҒЗЖ
Пәнді оқу мақсаты	Магистранттарды өсімдік қорғау мен карантин саласындағы қолданылатын ғылыми әдістемелермен, ғылыми тәжірибелерді ұйымдастыру, ғылыми жобалар мен мақалалар дайындау, плагиат мен фабрикацияға жол бермеу, ғылыми жұмыстар нәтижесінде статистикалық талдау жүргізу дағдыларын үйрету
